

«dōTERRA Негізін қалаушылар клубы» бағдарламасы аймақты ашуда, дамытуда және ұзақ мерзімді негізде тұрақты өсуде негізгі рөл атқаратын белсенді Велнес Кеңесшілерді анықтауға бағытталған.

Төменде келтірілген ережелер EMEA өңірінің (Еуропа, Таяу Шығыс және Африка елдері) елдері мен елдер топтарындағы dōTERRA негізін қалаушылар клубына қатысты қолданылады:

- Велнес Кеңесші барлық біліктілік талаптарын 3 ай қатарынан орындағаннан кейін ол нақты Елде немесе Елдер Тобында Негізін қалаушылар Клубының білікті Мүшесі болып саналады. Алтын мәртебесі біліктілік өлшемшарты болып табылатын жерде, Негізін қалаушылар Клубының Мүшесі елдің Негізін қалаушылары Клубының Мүшелерінің қатарына кіру үшін күнтізбелік жылдың 12 айының 10-ында осы мәртебені растауы және «dōTERRA Негізін қалаушылары Клубы» бонустық қорының бір бөлігін алуға құқығы болуы тиіс. Платина және Гауһар мәртебелері үшін 12 айдың 9-ы ішінде белгіленген талаптарға сәйкес келуі қажет. Төменде келтірілген Негізін қалаушылар Клубының Саясатымен танысыңыз, одан сіз күнтізбелік жылда қатарынан 3 ай бойы талаптарды орындау мерзімдеріне қатысты нақты мысалдармен егжей-тегжейлі ақпаратты таба аласыз.
- **Алтын МӘРТЕБЕГЕ ҚАТЫСТЫ ТАЛАП.** Велнес Кеңесшісі Негізін қалаушылар Клубы Мүшесінің позициясын алу үшін Алтын мәртебесіне жетуі тиіс және оның әрбір қатысушы бойынша 5000-нан астам сату көлемімен (OV) Елде немесе Елдер Тобында Премьер мәртебесі бар кемінде 3 жеке тіркелген білікті қатысушысы болуы тиіс. Велнес Кеңесшіде оған Алтын мәртебесін қамтамасыз ететін басқа да білікті қатысушылар болуы мүмкін, бірақ Негізін қалаушылар Клубының Мүшесі позициясын алу үшін олардың арасында әрбір қатысушы бойынша Елде немесе Елдер Тобында Ұйымның сату көлемімен (OV) 5000-нан астам Премьер мәртебесі бар 3 жеке тіркелген білікті қатысушы болуы тиіс. Көлемдерді тексеру Экзекьютив деңгейінде жүзеге асырылатын болады.
- **Платина МӘРТЕБЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ТАЛАП.** Велнес Кеңесшісі Негізін қалаушылар Клубы Мүшесінің позициясын алу үшін Платина мәртебесіне жетуі тиіс және онда әрбір қатысушы бойынша Елде немесе Елдер Тобында Ұйымның сату көлемі (OV) 9000-нан асатын Күміс мәртебесі бар жеке тіркелген кемінде 3 білікті қатысушысы болуы тиіс. Велнес Кеңесшіде оған Платина мәртебесін қамтамасыз ететін басқа да білікті қатысушылары болуы мүмкін, алайда олардың арасында Негізін қалаушылар Клубының мүшесі позициясын алу үшін әрбір қатысушы бойынша Елде немесе Елдер Тобында Ұйымның сату көлемі (OV) 9000-нан асатын өзі тіркелген 3 білікті қатысушы болуы тиіс. Көлемді тексеру Элита деңгейінде жүзеге асырылатын болады.
- **Гауһар МӘРТЕБЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ТАЛАП.** Велнес Кеңесшісі Негізін қалаушылар Клубы Мүшесінің позициясын алу үшін Гауһар мәртебесіне жетуі тиіс және онда әрбір қатысушы бойынша Елде немесе Елдер Тобында Ұйымның сату көлемі (OV) 9000-нан астам Күміс мәртебесі бар кемінде 4 жеке тіркелген білікті қатысушы болуы тиіс. Велнес Консультантта оған Гауһар мәртебесін қамтамасыз ететін басқа да біліктілік қатысушылары болуы мүмкін, бірақ Негізін қалаушылар Клубының Мүшесі позициясын алу үшін олардың арасында астам Елде немесе Елдер Тобында Ұйымның сату көлемі (OV) әрбір қатысушы бойынша 9000-нан өзі тіркелген 4 білікті қатысушы болуы тиіс. Көлемді тексеру Элита деңгейінде жүзеге асырылатын болады.
- Негізін қалаушылар Клубының мүшелері Елде немесе Елдер Тобында Негізін қалаушылар Клубы Қорының бір үлесін алады. Қор біліктілік күнтізбелік жылындағы жалпы комиссиялық көлемнің 0,5% -ын құрайды және Негізін қалаушылар Клубы Мүшелері позицияларының саны бойынша бөлінеді. Қазақстан Негізін қалаушылар клубының қоры жалпы комиссиялық көлемнің 1% құрайды.
- «Негізін қалаушылар клубы» бағдарламасына біліктілік әрбір тиісті Елде немесе Елдер Тобында Негізін қалаушылар Клубы Мүшелерінің барлық позициядары бос болмағанда жабылады.

НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАР КЛУБЫНЫҢ САЯСАТЫ

- Кез келген Елде немесе Елдер Тобында dōTERRA кез келген уақытта өз қалауы бойынша Негізін қалаушылар Клубының Мүшесінің позициясына біліктілік үшін Негізін қалаушылар Клубының басқа да талаптарын белгілей алады. Мұндай талаптар, оның ішінде үздіксіз дамуға қойылатын талаптарды немесе жұмыс көрсеткіштеріне қойылатын талаптарды (мысалы, «Үш күш» бонусына қол жеткізу) немесе Негізін қалаушылар Клубының Мүшесі нақты Елде немесе Елдер Тобында белсенділігін көрсетуіне қатысты талаптарды қамтуы мүмкін. Белсенділік командамен жұмыс істеу, Командаға қатысушыларды Елде немесе Елдер Тобында жеке жұмысқа тарту және дамыту, кездесулер мен іс-шаралар өткізу немесе нарық ұйымдастырған іс-шараларға қатысу сияқты салаларға байланысты талаптар арқылы айқындалуы мүмкін.

- Талаптарға сәйкес Негізін қалаушылар Клубы Мүшесінің позициясына дербес сараланатын өзінің Велнес Консультант аккаунты бар тұлға Негізін қалаушылар Клубының Мүшесі бола алады. Велнес Кеңесшінің туыстары немесе достары басқа тұлғаның атынан жасаған аккаунттар біліктілікке қатыспайды.
- Велнес Кеңесшінің аккаунты, егер оның біліктілігі сатудың белгіленген көлемін көрсету фактісімен расталған жағдайда ғана, Негізін қалаушылар Клубы Мүшесінің позициясына саралануы мүмкін. Велнес Кеңесші басқа шоттардың тапсырыстарын төлеген кезде бұл тапсырыстардың Велнес Кеңесшінің өзінен басқа тұлғаларға тиесілігін растау қажет. Мұндай тапсырыстардың өтелуін растау Велнес Кеңесшіден талап етіледі.
- Әрбір елде немесе елдер тобында бір адам Негізін қалаушылар Клубы Мүшесінің бір ғана позициясын атқара алады. Негізін қалаушылар Клубына мүшелік жеке жетістіктері үшін көтермелеу болып табылады. Велнес Кеңесші Негізін қалаушылар Клубы бар Елдердің немесе Елдер Тобының кез келгенінде Негізін қалаушылар Клубы Мүшесінің бір позициясын алу үшін талаптарды орындай алады.
- Негізін қалаушылар Клубының Мүшесі Алтын мәртебесі үшін (Платина немесе Гауһар мәртебесі үшін 12 айдың 9-ы) әрбір күнтізбелік жылдың 12 айының 10 айы ішінде өз позициясын сақтауға тиіс болғандықтан, сонымен қатар мынадай ережелер қолданылады:

Негізін қалаушылар Клубы Мүшесінің позициясы үшін қажетті біліктілік жылының алғашқы 3 айы да күнтізбелік жыл ішінде біліктілік талаптарына есептеледі. Егер алғашқы үш біліктілік айы қазан, қараша және желтоқсан болып табылса, қатысушы ағымдағы жылы Негізін қалаушылар Клубының бонусына құқық алады. Көрнекілік үшін «Қалған жеңілдікті айлардың саны» кестесін қараңыз.

Қалған ЖЕҢІЛДІКТІ АЙЛАРДЫҢ саны

Негізін қалаушылар Клубының мүшесі ретінде мына айға дейінгі Біліктілік*				
Біліктілік мәртебесі	Наурыз	Маусым	Қыркүйек	Желтоқсан
Алтын	2	1	0	0
Платина	3	2	1	0
Гауһар	3	2	1	0

* Біліктілігі үшін Велнес Кеңесші мәртебесін қатарынан 3 ай бойы сақтауы тиіс.

Негізін қалаушылар Клубы Мүшесінің позициясын сақтауға қатысты талаптар әрбір күнтізбелік жылдың басында күшін жояды.

ҮЗДІКСІЗ ПРОГРЕСКЕ ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР: Біз Негізін қалаушылар Клубының әрбір Мүшесі өзінің dōTERRA ұйымының өсуіне ықпал етеді және басқаларға көмектеседі деп күтеміз. Елдің немесе Елдер Тобының көбеюі мен дамуына қарай Негізін қалаушылар Клубының қатысушыларынан даму мен өсу күтілуде. Жоғарыда көрсетілгендей, үздіксіз прогреске қатысты талаптар кез келген елде немесе елдер тобында кез келген уақытта Негізін қалаушылар Клубына қатысты жариялануы және қолданылуы мүмкін. Талаптар Елге немесе Елдер Тобына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Негізін қалаушылар Клубы Мүшесінің позициясын алу үшін Велнес Кеңесшінің Аккаунты dōTERRA-да белгіленген бедел талаптарына жауап беруі тиіс. Қолданыстағы саясат пен рәсімдердің бұзылуы, сондай-ақ әдепсіз іскерлік мінез-құлық dōTERRA талаптарына сәйкес жойылуы тиіс. dōTERRA мұндай жағдайларда Негізін қалаушылар Клубының Мүшесінің Аккаунты бедел талаптарына сәйкес келтірілгенге дейін өз қалауы бойынша Негізін қалаушылар Клубының Мүшесіне төлемдерді белгіленбеген мерзімге кейінге қалдыру немесе ұстап қалу құқығын сақтайды.